

## Абай ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы N 149 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2012 жылғы 07 ақпанда N 5-5-136 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 наурыздағы № 386 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің  
2013.03.26 № 386 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-2) тармақшасына сәйкес, жұмыспен қамту саясатын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында, Абай ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Абай ауданының кәсіпорындары мен ұйымдары мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы жұмыс орнының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Абай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 05 маусымдағы № 48 «2009-2011 жылдары мүгедектер үшін жұмыс орнының квотасын белгілеу туралы қаулысының күші жойылды деп танылсын. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2009 жылы 15 шілде де № 5–5–95 болып тіркелген, 2009 жылы 15-31 шілде де «Абай елі» аудандық газетінің № 14 (072) санында жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің орынбасары Е. Л д и б а е в қ а жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т. Мүсәпірбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК